

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық көпсалалы фтизиопульмонология және ішкі аурулар орталығы» ШЖҚ МКК-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау
Х А Т Т А М А

Өтетін күні: 2026 жылғы 2 шілде

Уақыты: 11:00

Өтетін орны: Астана қаласы, А-1 көшесі, 5 ғимарат, 1 қабат, конференц-зал
Төрағалық етті: медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі директордың орынбасары Ж.С.Даугарина

Қатысты: жұмыс тобының мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ

2025 жылғы 01 маусымнан 2026 жылғы 01 маусымға дейінгі кезеңде Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық көпсалалы фтизиопульмонология және ішкі аурулар орталығы» ШЖҚ МКК- де (бұдан әрі-Орталық) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (СЖТІТ) нәтижелерін жария талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ: СЖТІТ нәтижелерін талқылаудың басталғаны туралы комплаенс-офицер А. С. Қайырбекова хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес 2026 жылғы 26 маусымда Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық көпсалалы фтизиопульмонология және ішкі аурулар орталығы» ШЖҚ МКК интернет-ресурсында СЖТІТ нәтижелерін жария талқылаудың басталуы туралы ақпараты бар анонс орналастырылды.

2026 жылғы 2 шілдедегі жағдай бойынша жеке және заңды тұлғалардан СЖТІТ қорытындыларын жария талқылауға қатысуға қатысты ресми ұсыныстар мен өтініштер түскен жоқ.

Комплаенс-офицер қатысушыларды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өткізілген СЖТІТ туралы хабардар етті.

3-кіші тапсырмаға сәйкес Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталуы туралы интернет-ресурста, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде хабарландыру 1-міндеттер сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою 2026 жылғы 14 мамырда СЖТІТ жүргізудің басталуы туралы хабарландыру жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Орталықтың 2026 жылғы 12 мамырдағы № 62-Ө бұйрығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары және жұмыс тобының құрамы бекітілді: экономикалық және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары С.Б. Хамитова, медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі

директордың орынбасары Ж.С. Даугарина, адами ресурстарын басқару бөлімінің бастығы А.Б. Кундолова, заңгер Д.С. Рахметов, комплаенс-офицер А.С.Қайырбекова.

Талдау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген, СЖТІТ жүргізудің үгілік қағидаларына, 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 СЖТІТ өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарна, 2025 жылға арналған № 4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру жобаларының картасына және 2026 жылғы 31 наурызда бекітілген Астана қаласының квазимемлекеттік ұйымдарында СЖТІТ өткізудің 2025 жылға арналған кестесіне сәйкес жүргізілді.

СЖТІТ келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды: Орталықтың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; Орталықтың ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Өткізілген СЖТІТ қорытындысы бойынша жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін көрсете отырып, талдамалық анықтаманың жобасын талқылап, дайындады, сондай-ақ экономикалық және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары С.Б. Хамитова және заңгер Д.С. Рахметов СЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына ұсыныстар енгізді.

ШЕШТІ:

1. Жұмыс тобы белгіленген мерзімде кейіннен Орталықтың интернет-ресурсында орналастыра отырып, СЖТІТ нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы және СЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу және бекітуге ұсынсын.

2. Комплаенс-офицер белгіленген мерзімдерге сәйкес ұсынымдардың орындалуына мониторинг пен бағалауды жүзеге асырсын.

3. Директордың орынбасарлары мен қызметтер мен бөлімдердің басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және ішкі нормативтік құқықтық актілер нормаларының қатаң сақталуын қамтамасыз етсін.

4. Өткізілген жария талқылау туралы ақпарат Орталықтың интернет-ресурсында орналастырылсын.

Төрағалық етті

медициналық қызметтер сапасын бақылау

жөніндегі директордың орынбасары  Ж.С.Даугарина

Комплаенс-офицер,
семинар-кеңес хатшысы

 А.С.Қайырбекова